

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова
Academician E. A. Buketov Karaganda University

**Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің «Ғылымға
алғашқы қадам» атты бірінші НеКонференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ
10 сәуір 2024 жыл**



**МАТЕРИАЛЫ
Первой НеКонференции студентов физико-технического факультета «Первые шаги к
науке» посвященной дню науки, 10 апреля 2024 год**

Организатор и редакционная коллегия
Сериков Т.М.

Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің бірінші «Ғылымға алғашқы қадам» атты НеКонференциясы материалдары.– Қарағанды, 2024.–106 б.

Жинақта Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде өткізген, Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің «Ғылымға алғашқы қадам» атты бірінші НеКонференция қатысушыларының баяндамаларының материалдары жарияланады.

Конференция является частью учебного процесса по дисциплине «Основы научных исследований» и проводится для ознакомления обучающихся с формой проведения конференции!!!

белгілі бір сатып алулар жасауға, бірдеңе айырбастауға және тіпті жұмыс табуға болатын қызықты қауымдастықтар мен топтар бар.

Бірақ, таяқтың екі ұшы болатыны секілді, әлеуметтік желілердің кемшіліктері де бар. Мысалы, компьютердің немесе телефонның алдында ұзақ уақыт отыру көру қабілетін нашарлатуы мүмкін. Сондықтан уақытылы демалу керек, көзге жаттығулар жасау керек. Сонымен қатар, әлеуметтік желі арқылы байланыс жасаған адамдар бір-бірімен бетпе-бет қарым-қатынастан алшақтай бастайды. Кейде интернет жаман, жағымсыз нәрселерді үйретеді немесе адамның психикасына кері әсер етуі мүмкін.

Енді әлеуметтік желінің жағымсыз жақтарын саралайтын болсақ:

1. Көп уақыт жұмсау. Әлеуметтік желілер – уақыт «өлтіру», яғни жай ғана босқа кеткен уақыт. Өйткені, бұл уақытты әлдеқайда пайдалы өткізуге болады, мысалы: достармен кездесу, дәмді кешкі ас дайындау немесе өзін-өзі дамыту, тәрбиелеу.

2. Әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын жоғалту. Нақты қарым-қатынасты өзгерту әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын жоғалтуға әкеледі. Яғни адамдармен көзбе-көз, бетпе-бет отырып әңгімелесу, шынайы достық, шынайы бейне жоғала бастайды. Әлеуметтік желі арқылы әңгімелесу, қарым-қатынас жасау шынайы бомлауы мүмкін.

3. Тәуелділіктің пайда болу ықтималдығы. Әлеуметтік желілер үлкен тәуелділік тудырады, яғни тәуелділіктің айтарлықтай қаупі бар. Интернетке қол жетімділіктің болмауы, әлеуметтік желінің жұмыс жасамауы кей адамдарда нағыз психикалық бұзылуды тудыруы мүмкін, әсіресе жасөспірімдер бұндайға аса сезімтал.

Қорыта айтар болсақ, ғаламтор желісі мен әлеуметтік желілер ХХІ ғасырдағы адамдардың ең үлкен жетістігі болып табылады. Бірақ біздің зерттеуіміз, алған сауалнамаларымыз бойынша ғаламтор желісіне жастардың тәуелділігін байқалды. Ғаламтор желісінің пайдасы да, зияны да бар. Алайда, әлеуметтік желіні дұрыс жағынан немесе бұрыс жағынан қолдану әрбір адамның өзіне байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://datareportal.com/> -Әлеуметтік желі қолданушыларының ғаламдық статистикасы

2. <https://ranking.kz/> -Әлеуметтік желілердің танымалдылық статистикасы

Турысбеков А.М., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФО-22-1к тобы, студент

Жұмаділлә Ж.Е., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФиИ-22-1к тобы, студент

Орынбасар А.Т., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФиИ-22-1к тобы, студент

(Ғылыми жетекші-доктор PhD, қауымдастырылған профессор Сериков Т.М)

ҚАЗАҚ КОНТЕНТИ-ҚОҒАМ АЙНАСЫ

Кіріспе

Мақсаты: қазақ тілінің дамытудың заманауи жақтарын анықтау және Қазақ тілінің кең ауқымды қолданысқа ие болуына үлес қосу.

Міндеттер

1. Қазақ тіліндегі контенттердің көбеюіне үлес қосу.
2. Ана тіліне деген қызығушылықтың дамуына ықпал ету.
3. Студенттердің назарын қазақ әдеби тілінің мәселелеріне аударту.

4. Патриоттық сезімді, сөзге құрмет сезіміне тәрбиелеу.
5. Қазақша контенттерді қолдауға шақыру.

Мәселенің өзектілігі:

Ғасырлар тоғысында қазақ тілі қиын кезеңдерді бастан кешуде. Ана тілімізде біржақты бағалау қиын болатын өзгерістер болып жатыр.

Тіл мамандары Қазақстандағы қазіргі заманғы тілдік ахуалдың екі жағымсыз тенденциясын атап көрсетеді:

қазақ тілінің күрт стилистикалық құлдырауы, оның дәрежелілігі мен вульгаризациясы, қазақ әдеби тілінің нормаларынан жаппай ауытқуы, шынайы сөйлеу мәдениетінің беделінің күрт төмендеуі ;

орыс тілінен агрессивті ықпал, оның тілдің кейбір салаларына (бұқаралық ақпарат құралдары, жарнама, мәдениет) Кеңеюі соншалық, оның жойылуына әкелуі мүмкін. Сонғы жылдары біздің қоғам

экономиканы дамытуды басым жағдайға қоя отырып, тұтастай алғанда мәдениетті артқа ысырып тастады.

Қазақ тілі мәдениеттің анықтаушы элементі бола отырып, өз позициясын тез жоғалта бастады. Мұны байқамау мүмкін емес болды. Қазақ тілі біздің мемлекеттік тіліміз екенін ұмытпаған жөн. Тіл тірі болғанша ұлт болады.

Негізгі бөлім

Біз зертеу жұмысымызды бастамас бұрын ең алдымын термин сөздерімізге анықтама беріп өтейік:

Тіл- белгілі бір ұғымды немесе затты, түсінікті белгілейтін және дыбыстауы бар ортақ қабылданған таңбалар жүйесі. Тілдің атқаратын міндеттері тілдің адамзат қоғамындағы рөлімен және тіл бірліктерінің бір тобының екінші бір тобына бағыныштылығымен, оған сәйкесіп отыруымен (мысалы, аффикстер мен түбір сөздердің ара қатынасында) анықталады.

Қазақ тілі тарихы – қазақ тілін зерттейтін ғыл. саласы. Қ. т. б-нің тарихы шартты түрде: а) ұлттық тіл білімі қалыптасқанға дейінгі кезең; ә) ұлттық тіл білімі қалыптасқан кезең болып екіге бөлінеді. Ұлттық тіл білімі қалыптасқанға дейінгі кезең 19 ғ-дың 2-жартысынан басталады. Қазақ тілінің граммат. құрылысы туралы алғашқы мәліметтер Н.И.Ильминскийдің «Материалы к изучению киргиз-казахского наречия» (1860–61) деген еңбегінде ұшырасады. Бұл – қазақ тілінің кейбір ерекшеліктерімен таныстыруға арналған тұңғыш еңбек. Кейін М.А.Терентьевтің «Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская» (1875), П.М.Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казах-киргизского языка» (1894, 1897), В.В.Катаринскийдің «Грамматика киргизского языка» (1897), т.б. еңбектер жарық көрді. Қазақ тілін таныстыру мақсатын көздегендіктен бұл еңбектерде белгілі бір категориялардың сырын ашу, оның ерекшеліктерін анықтау жағы қарастырылмаған. Олар негізінен қазақ тілінің заңдылықтарын, орыс тілімен салыстырып, сол тілдің негізінде түсіндіруге тырысты. 19 ғ-дың 2-жартысында қазақ тілінің лексикографиялық жұмыстары қауырт қолға алынып, дами бастады. Ұлттық тіл білімі қалыптасқанға дейінгі кезеңде 40-қа жуық сөздік жарық көрді. Орыстардың Ресей империясына қараған халықпен қарым-қатынас жасауына көмектесу мақсатын көздеген бұл сөздіктер қазақтың сөздік құрамын хатқа түсіріп, жаңа, көне сөздердің мағынасын ашып көрсетті. Ұлттық тіл білімі қалыптаса бастаған кезеңнің өзі: а) қуғын-сүргінге дейінгі кезең (1912–29); ә) қуғын-сүргіннен кейінгі кезең (1930–88) болып екіге бөлінеді. Қ. т. б-нің ғыл. ретінде қалыптасып, дамуы А.Байтұрсыновтың есімімен тығыз байланысты. Оның қазақ тілі оқулығы ретінде жазған «Тіл-құрал» атты еңбегінде, мақалалары мен баяндамаларында тіл білімінің өзекті мәселелері сөз болады. Қ. т. б-нің салалары: Әліппе мен емле. 19 ғ-дың 2-жартысында Ы.Алтынсарин қазақ жазуын орыс графикасына негіздеуге талпыныс жасаса, 20 ғ-дың басында Байтұрсынов қолданылып келген араб графикасын жетілдіре

отырып, қазақ жазуына икемдеді. Бұл орайда ғалым қазақ тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстар санын анықтап, үндестік заңдылығын, тілдің фонологиялық ерекшеліктерін айқындап шықты. Байтұрсыновтың Қ. т. б-нің фонетика, фонология салалары бойынша жасаған тұжырымдары Е.Омаров, Қ.Кемеңгеров, Т.Шонанов, Ж.Аймауытов, Қ.Жұбанов еңбектерінде жалғасын тапты. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі, дауыстылар мен дауыссыздар санын дәл айқындау, қазақ жазуына негіз болатын принцип таңдау мәселесі көптеген талас тудырып, «Еңбекші қазақ», «Жаңа мектеп», т.б. басылым беттерінде мақалалар жарық көріп, қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде талқыланды.

Контент- дегеніміз ақпарат, видео, құжаттар, мағлұмат, информация, аудиофайлдар барлығы контент деп аталады. Жалпы мағынада контент – бұл жіберуге, алмасуға немесе пайдалануға арналған ақпарат немесе материал. Интернет пен БАҚ салаларында контент көбінесе мәтіндергк суреттерге, бейнелерге, аудио жазбаларға және желіде жариялау және тарату үшін жасалған басқа ақпарат пішімдерін білдіреді.

Қазіргі әлемдегі қазақ тілі

Қазақ тілінің тарихтан бүгінге жалғасқан Қазіргі қазақ тілінің ахуалы. Қазақ тілінің тарихына тоқала отырып, бүгінгі жағдайын саралау. Мемлекеттік тіл дамуындағы өсекті мәселелерді дәлелді талдау. **Тіл – халықтың басты қарым-қатынас құралы. «Балық тілсіз болса да, халық тілсіз болмайды» деген Қадыр Мырза атамиздың нақылындағыдай, тілсіз халық түгіл жеке тұлға өмірін елестету қиын. Толыққанды адам ретінде өмір сүрудің негізгі кілті – қоршаған ортамен байланыс болса, бұл байланысты қамтамасыз ететін басты элемент – тіл.**Жалпы, Жер жүзінде 6000-нан астам тіл болса, оның ішінде қолданыстағы мемлекеттік статусы бар тілдер және жойылу алдында тұрған сонымен қатар атауларын тек тарихтың көне ақпараттарынан көз шалып қалатын, бүгінде жер бетінде жоқ тілдер де бар. Сонымен қатар, «мемлекеттік тіл» мәртебесіне ие болғанымен, статусына сәйкес құрметке ие бола алмай келе жатқан тілдер де бар. Тіл тағдыры ел тағдырымен біртұтас болғандықтан, тілдің мәңгі жасауы халықтың ұлттық құндылықтарын жоғарғы дәрежеде дәріптеуімен сипатталады.Дербес еліміздің тарих тамыры тереңге бойлаған, қасиет оты еш сөнбес ұлттық тілі әр қазақ патриотының жүрегінде сөйлеп тұр.Қасиетті тіліміздің жоспарлы саяси даму, халқымыздың тілдік құқығын қорғау бастамасы, көркем әдебиет пен ісқағаз тілін қалыптастыру жұмыстары Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов сынды зиялыларымыздың ерен еңбегінен бастау алған. Заман қысымына орай, ұлт болашағы бұлыңғыр тартқан шақта, ұлттық тіліміздің тағдырын шешуде зиялыларымыз ұсынған жол айрықша болды.Сол себептен, тіліміздің бүгіні мен болшағын бағамдау үшін осы жолды сабақ ала жалғастыруымыз қажет.Тіл мәселесіне байланысты зиялыларымызды ұлықтауға себеп қандай?Тарихтан белгілі, еліміз 250 жылдан астам уақыт Ресей державасының бодандығында болды. Жалпы бодан елдің жай-күйі ежелден белгілі. Тәуелсіздігінен айырылып, тағдыры көлеңкеленген халық жасқаншақ келеді. Осындай қиын шақта, тілдік құқықтың қорғалуын өзекті мәселе етіп көтеріп, ірі державаға талап қоя білген арыстарымыздың әрекеті, бүгінгі тіл тағдырының бастамасы деуге болады. Бұл тұста, 1905жылғы қарашада Ресейде өткен «Жергілікті және қалалық қайраткерлердің » Москвадағы съезінде: «Ана тілін еркін қолдану қазақтардың таяу арадағы мұқтажы» деп мәлімдеді. Сонымен қатар, тілдер құқығын шектейтін заңдардың жедел түрде қайта қаралуын табанды түрде талап етті. Осы бастаманың жалғасы ретінде, Қарқаралы уезіндегі қазақтардың 11 тармақтан тұратын құзырхатын ұйымдастырып, оны орыс тілінде шығатын «Сын отечества» газетінің 1905 жылғы 4 қыркүйектегі 173-санында өз атынан жариялаған. Бұл тармақтың 2,3,7,8-тармақтарында қазақ тілінің мәселелері көтерілді.Әлиханың бұл мәселені өзекті етіп көтермесіне болмас еді, себебі, қазақ халқының орыс тілін меңгеру дәрежесіне қарамастан, қызмет көрсетудің барлық тармақтары орыс тілінде жүргізілді. Тіпті балалар мектепте қазақ тілінде білім алмайтын

жайттар орын алды. Құзырхатта кеңселердегі іс-қағаздарды да қазақ тілінде жүгізу талабы қойылған. Сайып келгенде, мұның барлығының отарлау саясаты екеніне көз жеткіземіз, бұл тұрғыда Әлихан Бөкейханов: «Орыстандыру саясаты қазақтардың ана тілінде хат тануын тежеудің барлық амал-тәсілдерін қарастыруды талап етті» деп жазды. Өткен ғасырдағы тіл тағдырының қиындығын бодандықпен түсіндіруге тырыстық. Ал бүгінде егемен ел Қазақстан ретіндегі тәуелсіздік жағдайындағы мемлекеттік тілдің хал-ахуалы қандай? Ұлттық тілді құрметтеу әрбір қазақ орындауға тиіс маңызды міндет. Ал Қазақстан азаматтары құрметтеуге тиіс ұлттық тіл- қазақ тілі. Тіліміз «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» статусын 1989 жылы 22 қыркүйекте иеленді сонымен қатар осы жылы «Қазақстан Республикасының тілдер туралы» заңы қабылданды. 1995 жыл 30 тамыздағы референдумда қабылданған жаңа конституцияның 7-бабында ұлттық тілімізге байланысты «мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайтыны» және «Мемлекеттік ұйымдарда және өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» делінген. Еліміздің барша азаматтарына мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне материалдық, ұйымдастырушылық жағдайлар жасалған. Халықты топтастырудың маңызды факторы – мемлекеттік тіл. Осы ұранды басты назарға ала отырып, Мемлекеттік тілді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, қазақ тілін меңгерген тұрғындар үлесі 2017 жылға қарай-80%, ал биылғы 2020жылы-90% ға жеткізу жоспарланған. Алайда, 2016 жылғы баспасөз беттерінде берілген диаграммаға жүгінсек, еліміз 2017 жылы жетуі керек деп межелеген шамаға екі жыл ерте жетіп қойған екенбіз, яғни, 2015 жылы-80%-ды бағындырдық. Бұл қарқынмен жалғасса, биылғы жыл тіптен түгелдей Республика қазақша сайрап тұр деген сөз емес пе?! Ал 2025 жылы мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындар 95%-ды құрайды деп күтілуде, бұл болжам да межесінен ерте орындалса, тіл саясатын жүргізушілерге үлкен жетістік болар еді. Бір өкініштісі, бұл диаграммадағы сандар адамды бір марқайтып тастағанымен, көз көріп құлақ еститін қоғам сипаты мүлде бөлек. Сикырлы цифрлардың жылтырауы шын болса, біздің елде мемлекеттік тілге байланысты ешқандай мәселе жоқ деп аяқты аспанға көтеріп жата берсек те болатындай, дегенмен, шынайы өмір келбеті бұған жол бермейді. Қоғаммен біте қайнасып өмір сүретін кез келген толыққанды адам қазақ тілінің жоғары сұраныста еместігіне көп қарсылық білдіріп жатпайды. Тек тіл саласында қызмет ететін адамдар легі ғана мемлекеттік тіл мәртебесінің жоғарылауын айтып мақтануда, сол мақтаныш тек қағаз бен сикырлы цифралар түрінде қалып қоймаса болғаны. Бұл мәселе ұлт құндылығына тікелей байланысты. Ал ұлттық тілдің құндылығын жоғалту ел келешегі үшін үлкен кесел. Кесел демекші, елімізде ұлттық тілдің мәселесі сан жылдар бойы кезек күттірмейтін, кеселі көп мәселе болып келеді. Кезек күттірмейтін дейтін себебіміз, бүгінде, қазақ тілінің хал-ахуалы бірқалыпты жағдайда емес. Мемлекеттік статусы болғанымен, көп жағдайда қолданылу аясының тарылып бара жатқаны да байқалады. Қоғамда ана тілім- қазақ тілі деп айта алғанымен, ана тілінде сөйлеуге шорқақ немесе тіпті де сөйлеу білмейтін қазақ азаматтары бар. Тіпті қарапайым халықты қойып, аты дардай депутаттарымыздың қазақ тілінде жасаған мәлімдемелерін естігенде, жағамызды ұстаймыз, бірақ ана тілімізге шорқақ жандарды қазақша сөйлеуге міндеттейтін заңның да барын ескере кеткен абзал. Қазақ тілінің адамдар арасында тар қолданысқа ие екенін рас. Еліміздің басым тұрғындары қазақ тілінің қолданысына кері әрекеттер жасауда, сондағы ана тілден безіп, тілге тиек ететіндері орыс тілі. Біршама алпауыт компаниялар мен мекемелерге жұмысқа алу кезінде алдымен орыс және ағылшын тілдерін білуі талап етіледі. Мемлекеттік қызмет аясында да қойылатын басты талап осылар. Тілді құрметтейтін ел ретінде алдымен қазақ тілін біліп, орыс және ағылшын тілдерін белгілі бір мақсаттар үшін меңгеруіміз керек. . Еліміздің бәсекеге қабілеттілігі үшін елбасымыз «Үштұғырлы тіл» саясатын енгізді . Ондағы мақсат елімізге ағылшын, орыс тілдерін

үйретіп қазақ тілін тереңге көму емес. Дана халқымыздың «өз тілің бірлік үшін, өзге тіл тірлік үшін» деген нақылы қазақ тілінің маңызын нақтылай түсті. Орыс тілінің басымдығын сөз етсек болғаны, «қаншама жыл орыс құрсауында болдық деген» деген сылтаулар айтылады. Ол дәуір өтті, бүгінде егемен елміз, тілді үйренем деушілерге мемлекет тарапынан қолдаулар көрсетіледі. Көп жағдайда, қазақ тіл дәрежесінің төмендігін оның үйретілу сапсынан емес, сұраныстың аздығынан, тиісті дәрежеде қажеттіліктің болмауынан іздеген дұрыс. Қазақ тілін білуге қойылатын талап жайы тіпті әділетсіз. Қарапайым мысал, ізденіс үстіндегі адамдардың көпшілігі ақпарат іздеу барысында қазақ тіліне қарағанда, орыс тілінде толық ақпараттар легі барын айтып шағынады. Бұл да жалған емес. Ал аудармаларын тұтынайын десең, орыс тілді нұсқасымен салыстырғанда, ақылға қонымсыз жасалған аударманы ұшырастырамыз. Қазақ тілі бай деп мақтанышпен айтқанда, мына аудармалардағы олқылықтарға қарап, тіл байлығына күмән келтіреміз бе әлде аударма ісінің дұрыс жолға қойылмауынан көреміз бе деп ойланып қаламыз. Қазақстан көпұлтты мемлекет. Ендігі кезекте, барлық мемлекет тұрғындарын қазақ тілде сөйлетуді мәжбүрлі жүзеге асыру қажет деген пікірлер айтылып жатыр. Дегенмен бұл тезистің күмән-күдігі басым. Өйткені өз кәсібін дөңгелетіп отырған қандай да бір диаспоралар үшін, қазақ тілін меңгеру қаншалықты тиімді деген сұрақ туындайды. Себебі олар үшін елімізде орыс тілінде өмір сүру қиын емес те, керісінше қазақтарға өз елінде орысша өмір сүру қиындық туғызады. Бұл этносаралық наразылықтар да тудырып жатады. Тіл мәселесінің көлеңкелі тұстары қашан күн бетін көрмек?! Бұл сұрақтың жауабын тиісінше, тіл комитеті мен тіл саясатын жүргізушілерден іздейміз. Билік пен тіл мәселесі жайында бір оқиға ойға оралады. Тіл комитеті 90-шы жылдардың ортасында, тіл туралы бастапқы заң жобасын таныстыру үшін кезекті отырысын өткізді, сонда қатысушылардың бірі Сұлтан Оразалиновтан: «Заң жобасы қай тілде жазылған?»-деп сұрапты. Шенеунік болса, сасқалақтап, нақты жауаптан жалтарған. Демек, жоба алғашында орыс тілде болғаны. Осы оқиғадан соң тіл саясатына күмәнмен қарау қалыптасты. Бірақ бүгінде, қалалық тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мемлекеттік тілдің ахуалын көтеру бағытында бірыңғай шаралар жасауда. Басқарма мемлекеттік мекемелердегі тіл нормаларының сақталуына мониторинг жүргізді. Елдегі біршама көше аттарын қазақша ретке келтіру жұмыстарын жасады. Қазақ тілінде сапалы контентті дамытуда. Осы орайда, әдеттегіше үкіметті кінәләу үрдісіміз жүрмей тұр. Көп жағдайларда орыс тіліне жақындығымызды өткен ғасырлардағы қазақ халқының Ресей державасына бодандығымен түсіндіріп жатады ол да ақылға қонымды себеп тек, бүгінде еліміздің дербестігін еске ала отырып мәселені қайта қарасақ мемлекет бар жағдайын жасаған қазақ тілінде таза сөйлеуге кейбір адамдарда өзіндік құлық жоқ сынды. Қазақша кібіртіктей сөйлеген жандарды көрсек «шала қазаққой» деп жүре береміз. Сонда шалалықтың түбі не болмақ!? Өз тілінде еркін сөйлей білмейтін адамның қазақша ойлап, қазақша өмір сүре алуы екіталай. Сондықтан ана тіліне шорқақ қарау бүкіл болмысына немқұрайлы қарау болып табылады. Қорытындылай келсек, қазақ тілінің бүгінгі ахуалы күрделі мәселе. Қазақ тілі қолданыста деген сөз тек қағаз жүзінде орындалуға апара жатқанадай. Мемлекет тарапынан жасалған қолдауларды дұрыс пайдаланып, тіл мәртебесін көтеру Республика азаматтарының әрбірінің азаматтық борышы. «Ұлттың тілі – ұлттың ділі» деп, халық даналары айтқандай, ұлтымызды сақтайық. Ана тіліміздің айбынын асқақтатып, қасиетті қазақ жерінде қазақ тілінің мәртебесін көтерейік! Төл тілімізден қашпай керісінше төрге сүйрейік сонда ғана Қазақстан түндігі берік ел болмақ!

Қазақ тілі- біздің ұлттық байлығымыз

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жыл сайынғы Жолдауында мемлекеттік тілдің тиісті деңгейде дамуына, қолданыс аясының кеңеюіне ерекше назар аударады. Жолдауында да «Қазақстан-2050» жолы – Мәңгілік Елге бастайтын маңызды

қадам екенін айта келе, қазақтың тілі тек отбасының ғана емес, ғылым мен білімнің және интернеттің тіліне айналды деген биік баға берді. Ендігі кезекте ана тілімізді қоғамның, даму мен өркениеттің ажырамас тіліне айналдыруымыз керек. Елбасы айтқандай: «Ана тіліміз Мәңгілік Елмен бірге мәңгілік тіл болды» деген пікір айтты. Алайда, бұл жеткілікті деген сөз емес. Мемлекеттік тіл саясаты әлі де қыруар еңбекті талап етіп отырғаны анық. Егер Елбасы міндет еткен іс-әрекеттер өз уақытында орындалатын болса, тілге қатысты түйткілдер де біртіндеп шешілері сөзсіз. Тілдің қолданыс аясының кеңеюі мемлекеттік органдар мен халыққа қызмет көрсететін мекемелердің белсенділігі мен көпшілік қауымның дұрыс көзқарасына байланысты. Ал атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталар болсақ, Мемлекет басшысының 2011 жылғы 29 маусымдағы Жарлығымен бекітілген «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес маңызды құжатта көрсетілген мақсаттар мен міндеттер кезең-кезеңімен жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Аталған бағдарламада «мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында іс жүргізудің негізгі тілі ретінде мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету керек» делінген. Тіл туралы заңның қабылданғаны, оның баптарының жүзеге асырылуының бағдарламаларының жасақталғаны, мемлекет басшысының тіл саясатында дұрыс бағыт ұстап, қолдау танытып отырғаны көпке мәлім. Аталған әрекеттердің бастауы мектептерде қазақ тілін оқып үйретуді дұрыс жолға қою болып табылатыны сөзсіз. Сол себепті басты жауапкершілік тіл мамандары біздерге жүктеліп отыр. Ата заңның баптарында сонымен қатар «Тіл саясатының тұжырымдамасы» мен «Тіл туралы Заңда» айтылған басты мәселе мемлекеттік қазақ тілін дамыту. Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса да қарсы тұруы тиіс. «Ана тілі – халық боп жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі», – деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай елін, жерін сүйген әрбір азаматтың көкірегінде ана тіліне деген сүйіспеншілігінің мақтаныш сезімі болуы керек. Себебі, қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. «Адамға екі нәрсе тірек тегі, бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі» – деп, Ж.Баласағұн айтқандай, алдымен өзін қазақпын деп санайтындар ғана емес, Қазақстан топырағында тұратын таза ниетті әрбір азамат, мемлекеттік тіл – қазақ тілін өзіне тірек етіп, ол тілді жүрегімен сүюі тиіс. Бұл бөлімнің соңын Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен аяқтағымыз келіп отыр: «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту».

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдыретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады.

Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам өзінің ана тілін, мемлекеттік тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз бұрмалануына қарсы тұруы тиіс.

Алғашқы 1989 жылы 11 қыркүйекте қабылданған "Тіл туралы" Заңда "Тіл - халықтың ұлы жетістігі, әрі оның ажырамайтын және бөлінбейтін белгісі" делінген. Ал бірінші баптың бірінші тармақшасында "Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады" деп жазылған.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев "Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде" деген тұжырымдаманы қазіргі уақытта үнемі айтып келеді. Осының өзі Елбасымыздың мемлекеттік тілге деген үлкен құрметі деп білемін.

Біздің ана тіліміз - қазақ тілі. Қазақ тілі - мемлекеттік тіл. Мемлекеттік тіліміз – ең басты байлығымыз. Менің пікірім әрбір Қазақстандық азамат оны білу керек деп есептеймін.

Қазақ тілі - халық боп жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі,- деп Жүсіпбек Аймауытов ағамыздың айтқанындай елін, жерін сүйген әрбір азаматтың көкірегінде Мемлекеттік тілге, ана тіліне деген сүйіспеншілігінің мақтаныш сезімі болуы керек. Себебі, қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

Тіл - ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы - оның ана тілі. Тіл - халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі - оның бақыты мен тірегі. Әрбір мекемеде мейлі ХҚКО-да болсын басшыдан бастап сол мекеменің техникалық персоналына дейін осы ұғымды есте ұстау керек деп ойлаймын сонда ғана біздің мемлекеттік тілге деген құштарлығымыз арта түседі.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын тіл болғандықтан, жүргізілетін барлық іс-қағаздары мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Өйткені өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен кеңеймек. Әлемдегі алпауытты елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты да сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз ол, өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген, құрметтейтін ұрпақ. Ал ана тілін жақсы білмейінше сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығын мол қолданбайынша, шын мәніндегі мәдениетті адам бола алмайды. Қазақстанда тұратын жүзден аса ұлт өкілдері оның ішінде, өзіміз де жанұямызда ұл-қыздарымызға Қазақстанның халқы туралы, соның ішінде қазақ халқының тұрмыс-әдебиетін, әдет-ғұрпын, мәдениетін, тілін-мемлекеттік тілін білуі міндетті екендігін естеріне салып ал, білмегендерге түсіндіріп, үнемі бас қосқан көпшілік орындарда, жиындарда ортаға салып отыруымыз қажет деп ойлаймын, сонда ғана Мемлекеттік тіліміз, қазақ тіліміздің деңгейі жоғарғы сатылардан көрінеді демекші сонымен қатар, Мемлекеттік тілді дамыту ісінде бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) алдыңғы қатардан табылып, бұл істердің игілікті болуы үшін бір атаның баласындай үлес қосулары тиіс.

Тіл тағдыры - ел тағдыры екенін ешуақытта ұмытпайық Құрметті әріптестер. Әрбір адам өз ана тілін білуі және мемлекеттік тілін меңгеру міндетті. Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, Мемлекеттік тілді дамыту үшін, бұл істе ала болмай, түгел болып кіріссек, көздеген мақсатқа тездетіп жетуге болатынына сенімдімін. Қазір ХҚКО ғимараттарында Тіл туралы, іс-жүргізу нормативтері, ХҚКО-дағы құжаттар айналымы туралы стенділер ілінулі тұрғандығын айта кеткім келеді, күнделікті жүргізіліп жатқан іс-қағаздар, өткізіліп жатқан семинар-кеңестер қазақ тілінде орындалуда міне осының өзі мемлекеттік тілге деген құрмет оны әрі қарай дамытуға қосып жатқан үлестер деп білемін және мемлекеттік тілге деген қамқорлықтың оны дамытудың белгісі деп ойлаймын.

Сүйемін туған тілді – анам тілім,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутымнан,
Құлағыма сіңірген таныс үнін.

Қазақ жазуы 1929 жылға дейін араб графикасын, ал 1929-1940 жылдары латын графикасын қолданған. 1940 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін орыс графикасын қолдануда.

Мемлекеттік тіл, яғни, қазақ тілі - әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алғашқы ондықтар қатарындағы тіл. Сондай-ақ, ол дүние жүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жүз тілдің және мемлекеттік мәртебеге ие екі жүз тілдің қатарында тұр.

Қазақстанда тұратын жүзден аса ұлт өкілдері Қазақстанның халқын, соның ішінде қазақ халқының тұрмыс-әдебиетін, әдет-ғұрпын, мәдениетін, әдебиетін, тілін білуі міндетті.

Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек.

Тіл – қастерлі де, қасиетті ұғым. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Ана тілін сүйген адам – туған жерін, елін, Отанын, атамекенін сүйеді деген сөз. Ал, бұлардың бәрі – адам баласы үшін ең қасиетті ұғымдар. Өмірдің алмастай қырын, абзал сырын түсіне білуіне басты себепкер – ана тілі.

Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995ж.), "Тіл саясаты туралы" Тұжырымдамасы (1996ж.) және осыларға негізделген "Тіл туралы" Заң (1997ж.) республикадағы тілдердің ұлтаралық жарастық пен рухани ынтымақтастықтың құралы ретінде қызмет етуін және тіл алуандығын көздейді. Республикада мемлекеттік тіл ретінде бір ғана тіл – қазақ тіліне конституциялық мәртебе беріліп отыр.

Қазақстан Республикасында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуінің бірнеше алғы шарты бар. Атап айтқанда, сол тілді қолданушылардың санының жеткілікті болуы, табиғи және табиғи емес тілдік ортаның болуы, республиканың барлық аймақтарына таралуы, қоғамдық өмірдің әр алуан саласында қызмет етуі және ауызша әрі жазбаша түрде қызмет етуі сияқты сыртқы факторлардың болуы, сондай-ақ қазақ тілінің құрылым-жүйесі жетілген, лексика-фразеологиялық қоры аса бай, ежелден келе жатқан жазба және ауызша дәстүрі бар ұлттық тілдердің бірі ретіндегі ішкі тілдік факторлардың болуы – қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуіне мүмкіндік береді.

Мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметі қоғамдық өмірдің аса маңызды мынадай салаларында жүзеге асады: басқару, ақпарат, білім беру мен тәрбие ісі (мектепке дейінгі мекемелер, бастауыш, орта мектеп, жоғары мектеп), ғылым мен техника (ғылыми-зерттеу мекемелерде); қоғамдық ғылымдар, жаратылыстану мен нақты ғылымдар, техникалық және қолданбалы ғылым, экономика салаларында, ғылымның жалпыға ортақ салаларында, бұқаралық ақпарат құралдары саласында, іс жүргізу саласында; мемлекеттік, қоғамдық-саяси, мәдени мекемелер мен ұйымдарда; дене тәрбиесі, спорт, туризм, денсаулық сақтау мен емдеу мекемелерінде; қоғамдық тамақтандыру орындарында; өнер мекемелерінде (театр, кино); дипломатиялық қарым-қатынаста; әскери-патриоттық тәрбие және білім беру ісінде; шаруашылық жүргізу және ұйымдастыруда; өндіріс және өнеркәсіп орындарында; Қазақстан Республикасында өтетін республикалық, халықаралық құрылтай, конференция, мәжіліс, жиындар т.б.

Тіл – қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. Тіл болмаса сөз болмайды. Сөз болмаса адамзаттың тірлігінде мән-маңыз болмайтыны белгілі. Демек, тілдің, сөздің орны ерекше. Міне, осы орайда ана тіліміз жайлы терең ойлану әрқайсымыз үшін парыз. Жыл өткен сайын ана тіліміздің мәртебесі өсіп, абыройы арта түсуде.

Тіл – халықтың жаны. Тілі құрыса, халық та жер бетінен жоғалады. Адамзат тарихында көптеген өркениетті елдердің өшіп кетуі алдымен тілді жоғалтудан басталғанын ғылым дәлелдеп отыр. Бүгінгі қазақ қоғамындағы мәңгүрттіктің басы да өз тілін тәрк етуден туды. Ана сүті сіңбеген, бесік жырынан нәр алмаған ұлттық қасиет тана сүтімен кірмейді. Тілі мен дінінен айырылған ондай жан рухани кемтарлығын, адамдық болмысын түсінбей, көлденең көк аттының қолжаулығына айналады. Ана тіліміздің тағдыры үшін күресте халқымыз қам-қарекетсіз болған емес. Жиырмамыншы жылдары тіл тәуелсіздігін ту етіп көтерген Әлихан, Ахмет,

Міржақып, Мағжан, Мұхтарлар, сексенінші жылдардың аяғында бостандықтың лебі білінісімен басталған бүкілхалықтық қозғалыс соның айғағы.

XX ғасырдың ұлы жемісі – қазақ халқы үшін Егемендіктің көк туы желбіреуі. Ата-бабаларымыз көксеген, армандаған тәуелсіздікке қол жеткіздік. Ендігі мақсатымыз - ұлттық рухты, түскен еңсені көтеру. Ұлттық мінез, ұлттық намыс, ана тілі жоқ жерде – ұлт та жоқ.

О, туған ана тілім! Тас бұлақтың тұнығы да сенде, ана сүтінің жұғымы да сенде, райхан гүлдің жұпары да сенде, қыран құстың жанары да сенде, назды сұлудың нәзіктігі де сенде, сахара даланың жазықтығы да сенде...

Халқымыздың аса бай рухани қазынасы – туған ана тіліміз. Ол – қазақ тілі.

Қазақ тілі - өзінің даласындай кең пішілген жайдары да жалпақ тіл. Қазақ сөзі қашанда даланың қоңыр желіндей аңқылдап еркін есіп тұрады. Қазақ тілінің биязы мақамы – домбыраның күмбір қаққан сазындай. Асқан әуезділігі – шырқап салар әндей. Туған тіл біздің бірінші бақытымыз, бірінші ырысымыз, біз сондықтан "Ана тіліміз" дейміз. Қазақтар "Ананың тілі" деп ерекше құрметтейді. Басқа тілді білу - әрине, мақтаныш. Әйтсе де өз ана тілін аяқ асты етуге болмайды.

Ана тілің – арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте, – дейді талантты ақын Қадыр Мырза Әли ағамыз.

Анамның тілі – ардақтым менің. Адамның атасы, әкесі мен шешесі сенсің. Сен менің кішкентай кезімде әкем болып мойныңа отырғызып қуандың, ат үстінде алдыңа алып, мені көкке секірттің. Жел болып кекілімнен сипадың.

Тілім, ана тілім менің, адамзатымның тілі, сен менің анам болған кезінде көкірегіңе жабысып, төсіңнен ақ сүтінді емдім. Сен менің ағам, інім, әпкем, қарындасым, бауырларым болған кезінде мен сені одан әрмен түсініп, ұғынғым келді. Адамзаттың Абай мен Мағжан сынды асқар алыптарын туғызған, әкелері мен аналары болған ұлтымыздың тірегі сенсің, туған тілім. Бірақ, менің терім "туған тілім" сен үшін ғана төгілсін, менің өмірім сен үшін ғана өрілсін! Олай болса, ана тілімізді алдымен өзіміз құрметтейік, ардақтайық! Сонда ғана туған тіліміздің туы биіктерде желбіреп тұратын болады...

Біздіңше жалпы қоғамды, өскелең жас ұрпақты Отанды сүйуге, мемлекеттің әрбір құндылықтарын қастерлеуге, патриоттық рухта тәрбиелеуге, сондай-ақ мемлекеттік тілді дамыту ісінде бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) алдыңғы қатардан табылып, бұл істердің игілікті болуы үшін бір атаның баласындай үлес қосулары тиіс. Жоғарыдағы құндылықтардың барлығының төрінде Қазақстандағы мемлекет құраушы ұлт - қазақтардың ғасырлар бойғы алтын қазынасына айналған әрі қазіргі уақытты ұлтты ұйыстырып отырған - қазақ тілі тұр. Бұны, әсіресе, орыс тілді БАҚ өкілдері жете түсінсе дейміз. Алайда, өкінішке қарай, орыс тілді БАҚ өкілдерінің арасында мемлекеттік тіл - қазақ тілінің қоғамдағы орны мен

Қазақ контентінің дамуы

Қазақ контенті-телевизия, youtube, блогерлік сала, әлеуметтік желілерде қазіргі таңда өсу процесінің алғашқы сатысылары талданады. Пайдалы эксперименттер, ұтырлы жаңалықтар, тиімді лайфхактар түсіру және халыққа берер контентті монохронды түрде емес, жан жақтан, әсерлеп, әдемі форматта жеткізу тағы басқа түрлі іс-әрекеттер жасау арқылы қазақ контентінің дамуы туралы айтылады. Қозғалып отырған тақырып, қазіргі таңда қоғамда кездесіп жүрген өзекті тақырыптардың бірі ретінде қарастырылады.

Заман дамыған сайын еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін әлеуметтік желі қолданушылары күннен күнге артуда. Әлеуметтік желілерде түрлі контенттерді аңғаруға болады. Соның ішінде, қазақ контенті. Қазақ контенті қазақ тілінде жүргізіледі. Таныс емес, сөздік қорымызға өзге тілден енген, контент сөзі шет тілден аударғанда ақпарат деген мағынаны білдіреді. Желі арқылы аудиторияға қазақ тілінде жеткізілетін ақпаратты айтады. Контент сөзі ең алғаш Қазақстанға 2012 жылы келген. Қазақ контенті-телевизия, youtube, блогерлік салада, әлеуметтік желілерде қазіргі таңда өсу процесінің алғашқы сатысында. Блогинг саласында контент жасау кеңінен қолдануда. Осыдан 8 жыл бұрын, Қазақстанда орыс тілді контент қарқынды түрде дамыды. Орыс тілді контентті

Қазақстанға Queex пен Eldana Foureyes есімді вайнерлер алып келді. Одан бері қарай, Yufame, Sekavines сияқты вайнерлер өздерінің әзіл вайндарын аудиторияларына ұсынды. Олардың айтуынша, бастапқыда бәрі қиын болды, әрқайсысы коммерциялық жұмыс жасаймыз деп ойламаған. Вайнерлердің басты мақсаты өз аудиторияларын 15 секундтық видео арқылы күлдіру болған. 2016 жылы ең алғаш kartoptv атты қазақ тіліндегі инста вайн жобасы құрылып, қазақ контентін Қазақстанның нарығына алып келді. Араға 6 жыл салып, бүгінгі таңда қазақ контентін түсіріп жүргендер біршама. Оны кез келген әлеуметтік желі қолданушыларынан, әсіресе 13-25 жас аралығында байқауға болады. Халық жаңадан шыққан жаңа дүниеге негативті түрде қарап, проблемаларын іздейтіні анық. Дәлел ретінде, Tik-Tok желісін алуға болады. Басында халық қарсы болды. Ал, қазір адамдар Tik-Tok желісін дұрыс қабылдап жатыр. Қысқасы, Tik-Tok қоғамға сіңіп жатыр. Атауы ерекше әлеуметтік желілердің бірі Tik-Tok-та қазақ контентін дамытып жүргендер де көп. Tik-Tok-та 15 секундтық музыкалық видеолар түсіріп, бөлісуге болатын әлеуметтік желі. Видеоға лайк басып, пікір жазып, достарына таратып, өзге қолданушыларға тіркелу мүмкіндігі бар.

Әлеуметтік желілерді көп жастар қызығушылық үшін пайдаланса, кейбір желі қолданушылар табыс табу мақсатында пайдаланады. Tik-Tok әлеуметтік желісіндегі трендті түсіремін деп тер төгетіндер кездеседі. «Атың шықпаса, жер өрте» демекші, соңғы кезде арзан танымалдылықты қуған тиктокерлер, елді шулатамын деп, ардан аттап жатыр. Түсіру процесі бір дубльден шықпай қалса немесе іс-қимылы музыкаға сай келмесе көп жасөспірімдер ашуға салынады. «Ашушандылық-адамның психологиясына әсер етеді», - дейді.

Біздің халық әлі күнге дейін қазақ тіліндегі пайдалы ақпаратқа аш. Оның 2 себебі бар:

- 1) желіде ойын-сауық, әзілдерге толы контенттердің көбеюі;
- 2) халық ауыр түрде қазақ тіліндегі пайдалы ақпаратты жеткізетін контенттерді көргілері келмеуі.

Халқыаралық, әлемдік, танымдық ақпараттарды қазақ контенті арқылы ауыр түрде жеткізетіндер көп. Тиісінше, жеңіл түрде жеткізетіндер саны аз. Ақпарат қарапайым тілде жазылатын болса, желі қолданушылар пайдалы ақпаратты таныстарымен немесе өзге адамдармен бөлісер еді.

Контент жасау арқылы, адамдар оқырман санын көбейтіп, танымалдылыққа ие болғысы келеді. Әлеуметтік желілерде түрлі трендтерді түсіріп, ашық платформаларға паш ету жиырма бірінші ғасырдың талабы. Белдері майысқанша билеп, еріндерін жыбырлатып ән айту біреуге қиын, екіншісіне оңай болып көрінеді. Аты аталған салада жұмыс жасап жүрген медиа саласының азаматтары мен азаматшалары, блогерлер контент-жоспар құрады. Контент-жоспар — контенттің дамуына, аудиторияны мезі қылдырудан, оқырман санын көбейтуге және статистиканы көтеруге үлкен септігін тигізеді. Қоғамымызда, күнделікті талқыланатын тақырыптар бар. Бірақ қазақ тіліндегі талқыланатын өзекті тақырыптар аз. Пайдалы эксперименттер, ұтырлы жаңалықтар, тиімді лайфхактар түсіру және халыққа берер контентті монохронды түрде емес, жан жақтан, әсерлеп, әдемі форматта жеткізу тағы басқа түрлі іс-әрекеттер қазақ контентінің дамуына үлкен септігін тигізеді. Қазақ контентінің дамуы, қазақ тілді аудиторияны қалыптастырып қана қоймай, қазақ тілді жаңалықтарды, ақпараттарды күллі әлемге, әлеуметтік желі арқылы паш етуге мүмкіндік береді. «Қазіргі заман ағымы әлеуметтік желіге байланысты, жастар да соған тәуелді. Сондықтан Tik-Tok, инстаграмдарда патриоттық бағыттағы видеоларды насихаттап, сол арқылы тәрбиелеу керек», - деді президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауында. Сонымен қатар елбасымыз Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің отырысында

жасөспірімдердің көп бос уақыты болатынын және балалардың тиімсіз нәрселерге уақыттарын жұмсайтынын айтқан еді.

Қазконтент

«Қазконтент» акционерлік қоғамы – интернет кеңістікте қазақстандық мазмұнды дамыту мақсатында қызмет ететін ұйым.^[1] Негізгі қызметі мемлекеттік ақпараттық саясатты жүзеге асыру. Қазіргі таңда медиа және интернет жобаларды іске асыруда. Компания ресурстары 4 тілде қолжетімді. «Қазконтент» АҚ 2009 жылдың 21 қаңтарында «Зерде» Ұлттық ақпараттық-коммуникациялық холдингінің еншілес кәсіпорны болып құрылды. Аталмыш қоғамның құрылуы мемлекеттің Интернет желісіндегі қазақстандық сегментті қалыптастыру мен дамыту бойынша стратегиялық міндетін жүзеге асырумен байланысты. Жаңа технологиялар мен инновациялардың көмегімен қолданушыларға сапалы контент ұсынып, қазнеттің дамуына мүмкіндіктер туғызу. 2009 жылдың ақпан айында алғашқы жоба - kaztube.kz іске қосылды. Ал наурыз айында bnews.kz ақпараттық агенттігі құрылды. 2010 жыл қараша айында baq.kz ақпараттық агенттігі жұмысын бастады. 2011 наурыз айында Қазконтент негізінде ҚР Премьер-министрінің ресми сайты ашылды. Сондай-ақ ilike.kz әлеуметтік желісі пайдалануға берілді. Компания Қазақша Уикипедия дамуына үлес қосып келеді. 2011 жылы Уикимедия қоры кеңесінің төрағасы Тинг Ченмырза «Қазконтент» АҚ компаниясына Уикипедия контентінің қазақ бөлімін толықтыруда көмек қолын созғаны үшін ресми түрде алғысын білдірді. Осы жылы Қазнеттің эмблемасын әзірлеуге байқау жариялады. 2012 жылы қараша айында компания акцияларын иемдену және пайдалану құқығы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне берілді. 2013 жылдың қаңтар айында strategy2050.kz арнайы веб-порталы іске қосылды. Сол жылы Қазконтент америкалық McAfee компаниясымен меморандумға қол қойды. Дереккөз қатесі: Жарамсыз <ref> белгіше; жарамсыз атаулар, мысалы, тым көп Желтоқсан айында әдеби шығармаларды қолданушыларға ұсынатын adebiportal.kz сайты құрылды. «Қазконтент» АҚ «Қаламгер Азамат» жас журналистердің V республикалық форумын өткізді. 2014 жылдың сәуір айында Қазконтент акцияларын басқару ҚР Байланыс және ақпарат жөніндегі агенттігіне өтті. Акционерлік қоғамның 100 пайызы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму жөніндегі министрлігіне тиесілі.

Қазақ контентінің қазіргі жағдайы

Әлеуметтік желіде қазақ тілін жастар арасында сауатты әрі креативті жолдармен насихаттайтын онлайн-жобалар көбейгені қуантады. Qazaqsha Jaz, QazaqGrammar, Jana Sozдіk, Kazak buble-дан басталатын бұл тізім күннен-күнге толып жатыр. Бір қызығы, олар бірін-бірі қайталамай, әрқайсысы өзінше бөлек контент ұсынады. Бірі – Қазақстанда жұмыс істейтін компаниялар мен мекемелердің желідегі ресми аккаунттарын қазақшалаумен, бірі – қазақша сөздердің шығу тегі мен емлесі жайында танымдық деректер ұсынумен айналысады. Енді бірі қазақша слэнгтарды құрастырумен, қазақ тілі туралы қате тұжырымдарға фактчек жасау арқылы көпшіліктің көңілінен шығады. Сөздің төркініне үңіледі QazaqGrammar жобасының негізін Сұлтан Бағидолла 2012 жылы қалаған. «Студент кезімде әр өңірден келген курстастарымның тілі қызық болып көрінетін. Кейде қайсысы диалект, қайсысы әдеби сөз екені туралы дауласып та қалатынбыз. Содан «Вконтакте» желісінде осы парақшаны ашып, өзі бетімше ізденіп, посттар салып жүрдім. Кейін 2016 жылы Instagram-ға көштік. Әу баста танымал жобаға айналдырамын деген мақсат болған емес», – дейді ол. QazaqGrammar парақшасында негізінен әртүрлі қазақ сөздерінің түп төркіні туралы қызықты деректер жарияланады. Мысалы, тиын мен тиіннің арасында қандай да бір байланыс бар деп ойлап па едіңіз? Ақшаның тиын аталуы тиін аңының терісі бұрын ақша орнына жүргендігінен болса керек. Көп халықта да тиын деген сөз тиін аңының атымен бірдей болуының себебі – ерте кезде бұл халықтар алым-салықты тиіннің терісімен төлегендігінен дейді. Корневтің «Чувашско-русский

словарында» черемистерде, пермяктарда, зыряндарда «ур» сөзі «белка» деген мағынаны да, «копейка» деген мағынаны да береді. Ал татар, қырғыз, алтай, қазақ тілдерінде «белка» және «копейка» деген ұғымдарды «тиын» сөзі береді. Айтпақшы, балалық шағымыздағы сүйікті бағдарламалардың бірі болған «Ералаштың» түркі тіліндегі «Аралаш», яғни «Аралас» деген сөзден шыққанын естіген бе едіңіз? «Ералаш» сөзінің орыс тіліндегі мағынасы – «неразбериха», «путаница», яғни «былық», «астаң-кестең». Ал қазақтың «мүрде» сөзі мен ағылшынның «murder» («өлтіру», «адам өлтіру» мағынасын береді) сөзінің түбірлес екеніне сенесіз бе? Екі сөздің де арғы тегі прото-үнді-еуропалық тіл болып есептеледі. QazaqGrammar жобасы осындай қызықты посттарының арқасында бүгінде 50 мыңнан аса оқырман жинап үлгеріпті. Тілді түзеу әсте-әсте Қазақстандық жастарды үйіріп әкеткен тілге қатысты тағы бір онлайн-жоба Qazaqsha Jaz деп аталады. Жоба әкімшілерінің бірі Мақсат Мәліктің айтуынша, платформаның мақсаты – еліміздегі трансұлттық компаниялар, мемлекеттік мекемелер, халықаралық ұйымдар және отандық брендтердің әлеуметтік желідегі ресми аккаунттарының қазақшалануына ықпал ету. Қазір топта 6 300-дей жазылушы бар. Олар парақшасын тек орыс тілінде жүргізетін ресми мекеме/ұйым/компания/дүкеннің посттары астына сыпайылап қазақ тілін де қосуды сұрап, пікір қалдырады. Шарт бойынша, ресми аккаунттың биосы, яғни сипаттамасы қазақша болуы, парақшада қазақша посттардың жарияланып тұруы, сондай-ақ қазақша мәтін бірінші жазылуы керек. Постының астына бір сәтте жүздеген адам қалдырып кеткен пікірлерді көрген ұйымдардың көпшілігі Qazaqsha Jaz қозғалысының өтінішіне құлақ асып, кейбіреулері тіпті қазақтілді SMM-маманға сұрау салып жатады.

«Бүгінге дейін 200 шақты парақшаның қазақшалануына үлес қостық. Рас, олардың арасында біз өтініш білдірген уақытта ғана қазақша посттар шығарып, кейін қайтадан орыс тілінде жүргізуді жалғастырғандары да бар. Бірақ біз өз жұмысымыздың ұзақмерзімді перспективада өнімді болғанын қалап, Telegram-бот жасап алдық. Оның ішіне қазақшаланған аккаунттардың сілтемесін тізіп отырамыз. Әлгі бот күн сайын сол аккаунттың посттарындағы қазақша әріптерді сканерлеп отырады. Яғни біз бағанағы парақшалардың тұрақты түрде қазақ тіліндегі посттарды салып-салмай отырғанын осылай біле аламыз», – дейді Мақсат Мәлік.

Qazaqsha Jaz жобасы арқасында өз аккаунттарын қазақ тілінде де жүргізе бастаған ұйым/брендтердің қатарында әлемдік брендтердің қазақстандық желілері, отандық брендтер, тіпті Петропавл қаласының әкімдігі, Қастеев музейі, ҚазҰМУ секілді

мемлекеттік мекемелер бар. Бүгінде Qazaqsha Jaz белсенділері қазақ тілді контент үшін күрестің жаңа тәсіліне көшкен. Олар қазақша мәзірі жоқ мейрамханаларға, атауы қазақшаланбаған дүкендерге барып, Тіл туралы Заңның 21-бабы негізінде көрнекі ақпаратты қазақша да беруді сұрап, өтініш айтып, құлақ аспағандарына заң аясында талап қойып жүр. Айтпақшы, аккаунт әкімшісі Мақсат Мәліктің бұған дейін Jana Sozdik жобасы танымалдылыққа ие болған. 2015 жылы өмірге келген бұл бастама аясында қазақ тіліндегі сленгтер ұсынылып отырады. Әр әзілде бір шындық Бір кездері QazaqGrammar-дың құрамында болған, қазір бөлек бағыттағы контентімен танылып жүрген жобалардың бірі – Назарбаев Университетінің лингвистика мамандығы түлегі Бейбарыс Сейтақтың Kazak Vuble парақшасы. Онда қазақ тілі туралы стереотиптерге, аңыздарға, ғылыми мәлімдемелерге фактчек жасалып, қарапайым тілмен түсіндіріледі. Кейбір тақырып түрлі мем арқылы әзілмен де ұсынылады.

«Тарихшы ғалымдардың бірі қазақтың «әйел» сөзін «жеңілжүрісті» деген жаман мағына білдіретінін, қарақалпақ, өзбек, түрікмен, ноғай халықтарының одан әлдеқашан бас тартқанын, «әйел» орнына «қатын» сөзін қолданған орындырақ екенін айтып мәлімдеме жасады. Мен осы мәселені тексеріп көрдім. Олай емес. Жоғарыда аталған халықтардың бәрінде «әйел» сөзінің «айал», «айиол» деген түбірлес баламалары

қолданылады. Сондай-ақ оның араб тіліндегі түп төркіні ешқандай да «жеңіл жүрісті» дегенді білдірмейді. Арабшасы «ұрпақ», «отбасы» деген ұғымды береді. Мен тіл туралы айтылатын осындай таптаурындармен күресемін», – дейді Бейбарыс Сейтақ.

Мұндағы кей посттар мемлекеттік және ресми тілде жазылады. Солайша орыстілді оқырмандар да тілге қатысты кейбір қызық тақырыптарды (мәселен, қазақ тілінде акцентсіз қалай сөйлеуге немесе қазақша жұрнақтарды айтқанда қалай шатыспауға болады) түсіне алады. Аккаунттың атауына келсек, мұндағы Bubble сөзі, біріншіден, ежелгі Бабыл қаласын меңзесе, екіншіден, комикстерде кейіпкердің сөзіне сілтейтін ағылшын тіліндегі Speech bubble белгісін де білдіреді.

Қазақ қоғамындағы тіл мәселесі көтерілгенде оның негізгі себебі ретінде қазақша контенттің тапшылығы айтылады. Дегенмен жоғарыда біз мысал еткен жобалар осы олқылықтың орнын түзетуге бағытталғандай. Контент түзелді, ендігісі желі қолданушыларының еркі мен талғамында.

Қорытынды


«Қазақ контенті-қоғам айнасы» мақаласы қазақ контентінің мәдени-ағартушылық және әлеуметтік аспектілеріне назар аудара отырып, оның қоғамдағы рөлі мен әсерін зерттеуге бағытталды.

Сауалнамалар, сұхбаттар және мазмұнды талдау арқылы мақала қазақ тіліндегі мазмұн мәдени мұраны сақтауда, тіл мен бірегейлікті насихаттауда және қазақтілді қауымдастықтар арасында әлеуметтік келісімді нығайтуда шешуші рөл атқаратынын анықтадық.

Сауалнама нәтижелері:


1)Қазақ контентін дамыту үшін желі блогерлерінің контентті қазақша жүргізілуі маңызды ма?

- Иә
- Жоқ
- Өз еркі




2)Отандастарымыз әлеуметтік желіге,интернеттегі неше түрлі ақпаратқа қарағанда телевизия өнімдеріне көбірек сенеді-бұл пікірге қосыласыз ба?

- Иә
- Жоқ
- Білмеймін






3)Келер ұрпақты яғни баларды жастайынан тілінің қазақша шығуы үшін,жастайынан қазақша сайрап тұруы үшін аудиторияға қазақша контент(анимациялық,үгіт-насихат)көбірек жасаған дұрыс па?

 Иә
 Жоқ




4) "QazContent" атауында желі бары жайлы естігенсіз бе?

 Иә
 Жоқ







5) Қазақ контентін дамытуда бәсекелестік маңызды ма?

 Иә
 Жоқ
 Мүмкін



6) Қазақ контентін дамытуда әлеуметтік желінің пайдасы бар ма?

 Иә
 Жоқ
 Мүмкін



Біз мақаланы жазу барысында қоғамның ойының маңыздылығын есепке ала отырып адамдардан сұхбат алуды жөн санадық. Және қазақ контенті жайлы адамдардың ашық ойын білу үшін адамдармен бетпе бет сұхбаттасып олардың ойларын білдік. Мақала қорытындылары мәдени мұраны сақтау және қоғамдастық байланыстарын нығайту үшін қазақша мазмұнды қолдау және ілгерілету қажеттілігін көрсете отырып, саясаткерлер, педагогтар және контент жасаушылар үшін маңызды әсер етеді.

Қорытындылай келе, мақала қазақстандық мазмұнның мәдени бірегейлікті қалыптастырудағы және әлеуметтік келісімді ілгерілетудегі маңыздылығын көрсетеді, жергілікті қамту бастамаларын тұрақты түрде қолдау және ілгерілету қажеттілігін көрсетеді. Қорытындыларға сүйене отырып, мақал Қазақстандағы саясаткерлер мен

мүдделі тараптарға мәдени мұраны сақтау және әлеуметтік интеграцияны ілгерілету үшін қазақстандық мазмұнды дамыту мен ілгерілетуге басымдық беруді ұсынады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы: Санат, 2003. – 414 б.
2. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1987. – 227 б.
3. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 232 б.
4. Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 99 б.
6. Бараникова Л.И. Основные сведения о языке. – М.: Просвещение, 1982. – 135 с.
7. Нұрғожина Ш. Эмоционально-экспрессивная лексика разговорного языка: Автореф. дис. канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1989. – 26 с.
8. Мұхамеджанов Ш. Қазақ тіліндегі сөздердің ауыспалы мағынасы: Дис. канд. филол. наук. – Алматы, 1964. – 154 б.
9. Мұнатаева Э.М. Табу, эвфемизмы и дисфемизмы в Американском варианте английского языка: Автореф. дис. канд. филол. наук. – Алматы, 2001. – 15 с.
10. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.: Просвещение, 1966. – 137 с.
11. Қаратаев М. Қазақ әдебиетіндегі реализмнің даму жолдары. – Алматы: Мектеп, 1986. – 12 б.
12. Мүсірепов Ғ. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Мектеп, 1966. – 151 б.
13. Омарбеков С., Жүнісов Н. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. – Алматы: Мектеп, 1966. – 130 б.
14. Ғабдуллин М., Ысқақов Б. Халық ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974. – 3 б.
15. Горький М. Әдебиет туралы жазушылардың Бүкіл одақтық І съезіне жасаған баяндамасы. – Алматы: Ғылым, 1954. – 179 б.
16. Сейфуллин С. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1964. – 295 б.
17. Әуезов М. Мақалалар, зерттеулер // Шығармалар: 12 томдық. – Алматы: 1969. – 1 т. – 234 б.
18. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: Зият Пресс, 2004. – 94 б.
19. Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Мектеп, 1976. – 158 б.
20. Адамбаев Б., Жарқынбекова Т. Ел аузынан. – Алматы: Жазушы, 1985. – 335 б.
21. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы: Мектеп, 1962. – 234 б.
22. Кононов А.Н. М. Кашкарский и его “Дивану лугат ит-турк” // Тюркологический сборник: Сб. ст.: В 6-и т. – М.: Наука, 1972. – Т. 1. – С. 11-15.
23. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 139 б.
24. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 55 б.
25. Тіл мәдениеті және баспасөзі: Ғылыми практикалық-конференция материалдары / Жауапты ред. М. Серғалиев. – Алматы: Ғылым, 1972. – 203 б.

Махметов М.Н. Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, физико-технический факультет, гр. ФО-22-1К, студент
Маматова Д.Г. Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, физико-технический факультет, гр. ФЕ-22-2К, студент
Женисбай А.Е. Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, физико-технический факультет, гр. ФЕ-22-1К, студент
Байысова А.Б. Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, физико-технический факультет, гр. ФЕ-22-1К, студент

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

Оразбай Е.К., Пазылхан Р.Б., Асылбеков Н.Д., Зекен Р. Кибералаяқтар.....	6
Аметова Д.Б., Иманов Д.Е., Алтаева А.Б., Сағидулла А.Б. Суицид среди студентов в Республике Казахстан.....	11
Бекенова.Г.К., Жалғасбаева.Ж.С., Серікжан А., Сапарова А.Б. Студенттердің жатақхана мен пәтер арасындағы таңдауы.....	17
Иманмұса Н., Әбдісерік М., Насұрлла Д., Жарова Ж. «Серпін» бағдарламасымен білім алушы студенттердің адаптация проблемалары.....	22
Саттыбай А.С., Әсілбек А.Н., Рахадыл Ә.А., Нарбева А.И., Жастардың әлеуметтік желіде уақыт өткізу статистикасы.....	26
Турысбеков А.М., Жұмаділлә Ж.Е., Орынбасар А.Т. Қазақ контенті-қоғам айнасы.....	30
Махметов М.Н, Маматова Д.Г., Женисбай А.Е., Байысова А.Б. Отношение студентов к проблеме окружающей среды.....	44
Апендина А.Қ., Нурболат Ж., Еркінбай А.Н., Орынбасар Н.Н., Қарағанды қаласының артықшылықтары мен кемшіліктері.....	49
Алшатова А.Н., Балташ Қ.Б., Турмаханова Б.К., Уалханова Ш.М. Қазақстан қалаларындағы адамдардың негізгі болмысы.....	54
Сардарова А.Ж., Файзуллаева Ж.Қ., Әскер Б.А., Амангелді А.Ж. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттері таңдаған мамандығы бойынша мәселелері.....	58
Акылбекова Н.Ж., Мейрханова Т.Қ., Аюев Е.Ж., Әбдіхалық Н.Т. Физика және нанотехнология кафедрасы студенттерінің жалғыздық деңгейі.....	64
Ергеш Б.Б, Аманкелді А.С. Қайыржан А.Қ, Илесбай Л.Қ, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттер үйінде туындаған мәселелер.....	70
Сатымжан Д.Р., Назарбаева Д.Н., Кошкинбай А.А., Ербол.А. Қазіргі студенттердің ұялы телефондарына сараптама. Ұялы телефонға студенттердің қатынасы.....	75
Қалаби Н.Б., Батырша Ф., Нуркина А.Б., Студент және жұмыс.....	79
Шмидт А., Қалдыбаева С.Ж., Зделеу Д.Е., Кумисбекова А.Т. Педагогикалық мамандыққа түсуге әсер ететін факторлар.....	81
Төлеубай Д.Ә., Ерлік Ә.Е., Сакенова Ж.К., Наурызбай А.Б. "Физика-техникалық" және "Математика және ақпараттық технологиялар" факультеттерінде студенттердің бакалавр бітіргеннен кейінгі жоспарлары.....	86
Абдиразакова Ж.К., Қазытай Ж.А., Рамазанова М.Х., Төлеутаева М.Е, Физика-техникалық факультетінің студенттерінің бір айлық орташа шығыны.....	92
Смағұл Т.Е., Ғанижан М., Мәжит Н.Н., Динахан Д. Студенттердің бос уақытын қалай тиімді өткізетінін анықтау.....	98
Итенов Д., Алмасқызы С., Бек Б. Қазіргі жастардың театр өнеріне деген көзқарасы және қызығушылығының деңгейі.....	104